

АЗАТТЫҚ ТАҢЫН АҢСАҒАН АЛАШ АРЫСЫ - ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ

Байзова.Г.Б, Манат.А, Сахимова.Н.К
Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент, PhD доктор Жылқышыбаева Қ.Қ
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Электрондық адресі: gulsim.baizova@mail.ru,
aidanamanatkyzy0407@mail.ru, nazerke.sahimova@icloud.com

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қоғам және мемлекет қайраткерлерінің қатарындағы өз орны бар ерекше тұлғаның бірі, азаттық таңын аңсаған Алаш арысы – Әлихан Бөкейханов. Әлихан атамыз: «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын!» - деп халық алдында сөз беріп, сол сертіне ең соңғы демі қалғанша адал болып өтті. Өзінің шыққан тегін мақтан тұтып, шыққан тегінің абырой-намысын барынша қорғап, атағы жер жарған хан-сұлтандардың тікелей ұрпағы екенін сезініп, халқына кіршіксіз де шексіз қызмет етті, Алашына қамқор болуды өзінің өтпес-өтелмес борышы, ер-азаматтық парызы санады. Оның есімі ұзақ жылдар бойы сирек аталып келсе, кейінгі ұрпаққа қалдырған орасан мол аманат - мұрасы ұзақ уақыт бойы уақыт шаң басып жатты. Туған халқына кіршіксіз қызмет етуімен теңдесі жоқ тұлға болатын. Қазақтың мейлінше ілгерішіл ұлт зиялыларының лидері, өлкетану ғылымының негізін қалаушы, қазақ халқының төл тарихы, әдебиеті, фольклоры, этнографиясы, Қазақ өлкесінің экономикасы мен халық шарушылығы бойынша жүздеген еңбектің авторы есебінде, ғұлама ғалым, дарынды публицист ретінде кең танылды және өмірінің соңына дейін ғалым болып қалды. Халық жауы деген алдамшы атақ алса да еш мойымай, қазақ елі мен жері үшін бар жанын салып, Алаш партиясының негізін қалап, халық пен зиялыларды біріктірген қазақтың көкке көтерер ерекше тұлғасының бірі десек өтірік болмас. Қанша жерден мақтап, мадақтасақ та ол аздық етеді. Ұлт зиялысының тарих саласында ғана емес әдебиет саласында да өзіндік орны ерекше десек те болады. Бар өмірін қазақ халқына арнаған Әлихан бабамыздың біршама еңбектері, зерттеулері, аудармалары мен мақалалары жетерлік [1,357б.].

Тәуелсіздігіміздің ширек ғасырлық тарихында «Алашорда» қозғалысына саяси баға беру жайлы талпыныстар болып жатыр. Әлихан Бөкейханның аты бізде «Алаш» идеясымен қатар ауызға алынады. Әлихан Бөкейхан десек, «Алаш» қозғалысы, «Алаш» қозғалысы десек, Әлихан Бөкейханды есімізге түсіреміз. Өйткені ұлт-азаттық қозғалыс пен Әлихан Бөкейханның есімі бірге айтылып кеткен. Біз қазіргі Қазақстанның негізі «Алашорда» автономиясынан бастау алатынын түсіне білмейміз. Алаш лидері басқа да ұлт зиялылармен бірігіп, қазақ халқының көзін ашуға, оқу мен білімге құштарлықтарын арттыруға барынша тырысты. Осы негізінде өзіміздің "Қазақ" атауымен аталған газетін де шығарып, халықтың сауатын ашуға көмектесті. "Қазақ" газетін ұйымдастыруда ұлттық деңгейге көтерілуіне себепші болған Әлихан атамыздың еңбегі зор. Қазақ жерін сақтау үшін алдымен тілімізді білуіміз қажет, өз тілінді білмесен жеріңді қалай қорғайсың деген пікірді алға қойған Әлихан Бөкейхан қазақ елінің білім алып, сауат ашуына зор назар аударған. Оның өмірінің бәрі «Қазақ» газетімен тығыз байланысты болды. Осы басылымды А. Байтұрсынов, М. Дулатовтармен бірге ақылдасып ұйымдастыра отыра, қазақ мәселелерін көтерді. Бұл газетке Алаш арысының жиі билік, сайлау сынды мәселелерді көтерген мақалалары жарияланған. Әлихан Бөкейхан қазақ ұлтына бар өмірін арнаған қазақ зиялыларының бірі болып қана қоймай, ол қазағын өзге ұлт өкіліне билеп төстеткісі келмей, сол кездегі үкімет билігін өз қолында ұстағысы келген қазақ жанашыры [2,148-156б.].

XX ғасырдың басындағы қоғам қайраткері Қошмұхаммед Кеменгерұлы «Қазақ тарихынан» атты тарихи очеркінде: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды. Бұл топты баулыған – Әлихан», - деп жазады» [3,170-178б.]. Бұл сөздерден кейін Алаш басшысының елі үшін күн түн демей қалтқысыз қызмет қылғанын біле аламыз. Әлихан

бабамыз жайлы ойымызды қорытар кезде тағы бір дана сөздердің терең сырына көз тастасак. Әлихан Бөкейханов таңдамалы шығармалар жинағында «жұрт пайдасына таза жолмен тура бастайтын ер табылса - қазақ халқы соңынан ерер еді», - деп жақсы пікір айтып кеткен [4,115-141б.]. Өкініштісі сол соңынан халық еретін батыр бабаларымыздың өтірік жала жауылып, ату жазасына кесілгені еді. Қазақ халқының тағдыры басқа ұлттың қолында болған жылдарда Алаштың лидері болған Әлихан көш бастап, қазақ халқын бір орталыққа біріктіріп, басын қосты. Алаш арыстарының сол кездегі үлгі өнегесі мен ұстанымдары қазақ халқына дем беріп қана қоймай, алға басуына да көмектесті. Әлихан Бөкейхановпен басқа да ұлт зиялылары құрған «Алаш» партиясының құрылуы біріншіден, қазақ қоғамының алға қарай қадам жасауына үлкен көмегін тигізді, екіншіден, ұлтымыздың жаңа заманға деген үмітін арттыра түсті. Партияның қатары күннен күнге көбейіп, жалпықазақ съезінің шешімдерін жөн санап, орындай бастады. Съезде қабылданған шешімдерді жүзеге асыруда «Қазақ» газетінің төңірегіне жиналған ұлтымыздың арыстары ерекше белсенді болып, барынша ат салысты. "Алаш туы астында, күн сөнгенше сөнбейміз" деп ұран еткен қазақтың азаттық үшін алысқан Алаш арысының тарихтағы орны ерекше [5,156б.].

Бізге осы ғылыми мақала барысы Қазақстан республикасының өз егемендігі мен тәуелсіздігін алуына байланысты, тарихи оқиғаларды жаңа тарихи таным бағытында зерттеу мен тың деректер негізінде қайта зерттеп, зерделесу мүмкіндігі туды. Отан тарихында халықтың өзін-өзі тануы, мемлекеттілік мәселесіндегі қиын да күрделі процестерді зерттеу нәтижесінде, әрбір тарихи кезеңдерде ұлттық зиялылар қызметі арқылы жүретіндігі мәлім. Солардың бірі өзінің көп үлесін қосқан елім, жерім деген Әлихан Бөкейханов болды. Алдыңғы қатарлы зиялы қауым өкілі Әлихан Бөкейханов қазақ елін отарлық езгіден құтқаруда, ұлт-азаттық жолындағы күресте, өз мемлекеттік тәуелсіздік жолындағы күресте әрдайым көш бастаушы болды. Әлихан Бөкейхановтың алға қойған басты мақсаттарының бірі мемлекеттілік мәселесі еді. Ә.Бөкейханда Алаштың азаттығына қол жеткізуден басқа мақсат болған жоқ. Бұл кез-келген саясаткер ұстанатын күрес тәсілінің бірі. Мемлекеттілік мәселесін шешуде ресей Думасын, патша әкімшілік органдарын пайдалануға тырысты. ХХ ғасырдың бас кезінде Әлихан және басқа да қазақ зиялылары мемлекеттік жайындағы өз ой-пікірлерін «Айқап» журналы, «Қазақ», «Дала уалаяты», «Алаш», «Сарыарқа», «Қазақстан», «Бірлік туы» газеттері арқылы халыққа жеткізуге тырысты [6,50-55б.]. Әлихан Бөкейхановтардың қоғамдық-саяси қызметі мен мемлекеттілік үшін жүргізген күресін зерттеу бізге ХХ ғасыр басында қазақ қоғамы балама даму жолы болды ма, әлде большевиктер ұсынған бағыт жалғыз ба еді, міне сол сияқты күрделі мәселені терең ұғыну үшін қажет.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, шаруашылығын, төрт түлік малын, жер-суын, жалпы алғанда әлеуметтік- экономикалық жағдайын жан-жақты зерттеген энциклопедист-ғалым, зерттеуші. Әлихан Нұрмұхамедұлының еңбектерінен қазақ халқының экономикасына, тарихына, мәдениетіне, шаруашылығына қатысты түрлі деректерді, сандық мәліметтерді, кестелерді және тағы басқа көптеген материалдарды кездестіруге болады. Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың қоғамдық-саяси қызметімен бірге оның жазып қалдырған бай ғылыми мұрасын зерттеу отан тарихындағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Себебі Ә.Н.Бөкейханов Қазақстан тарихын, мәдениетін, тұрмысын, шаруашылығын, табиғи байлықтарын іргелі түрде зерттеп, негіз салған ғалымдардың бірі болып табылады. Бұған оның ғылыми мұралары дәлел бола алады. Өкінішке орай, қазіргі кезде Әлихан Нұрмұхамедұлы сынды ғұлама ғалымның еңбектерін талдап, тарихи дерек ретіндегі маңызын ашып көрсететін және оның қазақ халқының тарихы үшін мәнін көрсететін зерттеулер жоқтың қасы. Қазіргі кездегі жарияланып жүрген зерттеулердің көпшілігі Ә.Бөкейхановтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне қатысты зерттеулер. Осыған байланысты осы мақаланы жазудағы мақсат Ә.Бөкейхановтың қазақ тарихына қатысты еңбектеріне тоқтала отырып, оның маңызын және ғалымның тарихшы ретінде қазақ тарихын зерттеуге қосқан үлесін көрсету болып табылады. Ғалымның іргелі еңбектерінің көпшілігі орыс тілінде жарық көруіне байланысты еңбектерінен үзінділерді аудармасыз түпнұсқалық орыс тілінде беруді жөн көрдік. Қазақ халқының саяси-әлеуметтік

жағдайы, тұрмыс салты, мәдениеті, отаршылдықтың зардаптары, білім мәселесі Ә.Бөкейхановтың 1910 жылы Санкт-Петербургтен шыққан «Киргизы» атты еңбегінде баяндалады. Ол «Формы национального движения в современных государствах» деп аталатын жинақпен басылып шықты. Еңбекте демографиялық, статистикалық мәліметтер басым. 1985 жылы бұл еңбекті Оксфорд университетінің орта азияны зерттеу қоғамы «Казахи о русских до 1917 года» деген атпен қайта басып шығарды. Шетелдік ғалымдардың бұл еңбекке деген қызығушылықтары тегін емес. Еңбекте қазақ этносының шығуы туралы, қазақ халқының саны, шаруашылығының толық сипаттамасы, далалық өлкенің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси өмірі туралы сараптамалық ақпараттар беріледі. «Ол газет-журналдар шығару арқылы 2 млн тиражбен кітап шығарды. Қазақ зиялылары өмірге әкелген осы ағартушылық қызметтің негізгі нәтижесі – азаттық идеологиясын өмірге әкелуінде. Азаттық идеологиясын әкелу арқылы қазақ қоғамын жаңа идеямен қаруландырды. Ал, ағартушылық жүрген жерде ұлтшылдық жүреді. Яғни, Әлихан Бөкейханов бастаған зиялылар тобы өмірге қазақ ұлтшылдығын алып келді. Ұлтшылдық деген қорқатын нәрсе емес, ол сол кездегі әлемдік құбылыс болатын», - дейді тарих ғылымының докторы Мәмбет Қойгелдиев. Тарихшының сөзінше, Әлихан Бөкейханов ұлтсыз халықты жетім халық деп көрген. «Мемлекеттілігі жоқ халықты жетекшіл халық», - деп жазады [7, 130-142б.]. Сондықтан, Бөкейханов қазақтың 2-3 ғасырлық отаршыл өмірін қорыта келе, қазақ мемлекеттігін қалыптастырмай, қазақ халқын отаршылдықтан азат ету мүмкін емес деген тұжырым жасады. Сол кезеңдегі кесек тұлғалардың ішінен Бөкейханов ғана тұлғалық қасиетімен суырылып көсем болып шықты.

Тарих аумағынан қарағанда тым қысқа уақыт аралығында (70 жыл – бір адамның ғұмыры) қазақтың ұлттық мәдениеті кезінде сан қырлы құбылыстарды өз басынан өткізді. 1916 жылдан басталған күрес келесі жылы мақсаттарына жеткендей болды. Өздерін “демократтар” санаған уақытша үкімет өкілдері сөз жүзінде езілген халықтарға азаттық береміз деді. Қазақ ғұламасы Ә.Бөкейханов революция жасала сала “Жаңарған ресейдің ерікті азаматтары — қазақтарға” деген өз үндеуін жариялады. Жалпы алғанда, қазақтың ұлттық мәдениетін ХХ ғасыр талаптарына сәйкес қайта құруда “Алаш” партиясының ролі ерекше болды. 1917 жылғы маусым айындағы басылымында “Қазақ” газеті – автономияның қазақтарға ауадай қажет екендігін айтып, оның үш негізі бар екендігіне оқырман назары аударылды (территория, мәдениет және ұлттық ерекшеліктер). 1917 жылдың 21-26 шілдесінде Орынбор қаласында Бірінші бүкілқазақтық құрылтай өтті. Оның шешімдері бойынша “алаш” партиясының бағдарламасы жарияланды. Сонымен 1917 жылдың аяғына таман Қазақстан прогресс жолында талай жетістіктерге жетті және ұлттық төл мәдениетті дамытуға мүмкіндік алды. Қазақ рухани мәдениетінің сол тұстағы деңгейінде “Алаш” қайраткерлері алдыңғы қатарда тұр. Әлихан Бөкейханның үлкен ден қойып, ғылыми назарын аударған саласы – әдеби сын. Бұл салаға Ұлт көсемі сонау 1889 жылдан бастап қалам тербете бастады. Әлихантанушы-ғалым С. Аққұлұлы Ә.Бөкейханның әдеби сынға сіңірген еңбегі жайлы мынадай пікір білдіреді: «Әлиханның ұлт әдебиетінің өз алдына жеке бір саласы – әдеби сынның іргесін қалап кеткен еңбегі... Әлі де болса лайықты бағасын алған жоқ...Отарлықтың бұғауында отырған халқының төл әдебиетінің күйзелген жайы болашақ алаш серкесін ертеден терең толғандыра бастайды...», - [8, 130-142б.].

Өзінің жан-жақтылығымен ерекшеленген алаш көсемі Әлихан Бөкейханның қазақ әдебиеттануында тұңғыш болып кәсіби әдеби сыни зерттеу жазып, жаңа қалыптасқан қазақ жазба әдебиетіндегі жанрларды жіктеуге атсалысқаны – қазақтың рухани өмірінде өшпес із қалдырған құбылыс. Сол себепті ғалымның ұлтқа сіңірген осы бір ірі еңбегін өзіне сай лайықты бағалап, күллі қазақ жұртшылығына кеңінен насихаттаған жөн. ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының арасында аса ерекше, ғасырда бір туатын тұлға – Әлихан Нұрмұхамедұлы. Халқымыздың ұлттық мақтанышы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қамзабекұлы. Д. Алаштың рухани тұғыры. – Астана: Ел-шежіре, 2008, 357 б.

2. Кеңес Нұрпейісов Еңбегі ерен ұлттық интеллегенция. // Жұлдыз, 2007, 148-156 б.
3. Қойгелдиев М. «Ұлттық саяси элита» Алматы, Жалын, 2004, 170-178 бет.
4. Рашит Каренов. Алты Алаштың алып азаматы.// Жұлдыз.2007, 115-141 б.
5. Нұрпейісов. К - «Алаш һәм Алашорда» Алматы, 1995, 156 б.
6. Әшекеев. Н - «Ә.Бөкейханов ұлттық мемлекет құрудағы ұстанған негізгі принциптері» Ақиқат, 2002, №3, 50-55 б.
7. Главное историческое событие XX века: (К 73-й годовщине Великой Октябрьской революции) / М. Койгелдиев ; Алма-Ата: О-во "Знание" КазССР, 1990, 130-142б.
8. С. Аққұлұлы - Акқулулы. Алихан Букейхан и русское масонство. Казахстанская правда. 1993, Простор, 1994, 130-142 б.

В.В. ТРЕПАВЛОВ КАК ИССЛЕДОВАТЕЛЬ ИСТОРИИ СРЕДНЕВЕКОВЫХ ТЮРКОВ

Бекенов Ануар

Научный руководитель- доктор исторических наук, профессор Аманжол Кузембайулы
Педагогический институт им. Султангазина
Костанайского регионального университета им. Ахмета Байтурсынулы
Костанай

В последнее время обострился интерес к истории народов, населяющих Центральную Азию. Внимание исследователей привлекает и период их бы-лой независимости, особенности самостоятельного политического, социаль-ного и культурного развития. Большой вклад в изучение истории народов Центральной Азии внес российский историк, тюрколог, доктор исторических наук Вадим Винцерович Трепавлов. Его перу принадлежит несколько моно-графий посвященные малоизученным проблемам истории тюркских народов Северного Кавказа и Западной Сибири [1].

В данной статье мы попытались сделать скромную попытку ознакомиь чи-тателей с трудами ученого по истории средневековых тюрков, проживавших сопредельных территории современного Казахстана.

На сегодняшний день Вадим Винцерович является ведущим экспертом в мировом кочевниковедении. В его научном арсенале более 450 работ. Он является автором 11 монографий и соавтором 18 коллективных трудов. Его статьи публиковались не только в России, но и в научных изданиях Венгрии, Германии, Нидерландов, США, Турции, Узбекистана, Украины, Франции, Швеции, Южной Кореи и Японии. Труды были высоко оценены историками по всему миру [2].

Интерес к истории евразийских кочевников появился у В.В. Трепавлова еще в школьные и студенческие годы, а первым научным результатом стала кандидатская диссертация о социально-политической преемственности в государственном строе Великой Монгольской империи Чингиз-хана. Его докторская диссертация была посвящена известной истории Ногайской Орды. В Институте российской истории В.В. Трепавлов прошел все ступени карьерного роста, после аспирантуры он работал в должности лаборанта, младшего, старшего, ведущего и главного научного сотрудника, Сегодня он является руководителем Центра истории народов России и межэтнических отношений. Несколько лет он одновременно занимал должность заместителя директора Института по научной работе.

Первая монография В.В.Трепавлова «Государственный строй Монголь-ской империи XIII веке (проблема исторической преемственности)» вот уже почти 30 лет остается одним из главных источников знаний, прекрасным кладезем ценных сведений и самое главное замечательным образцом дей-ствиительно научной монографической работы.